

#5-6

(1019-1020)

14 ақпан

2025 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

ДЕПУТАТ: «ИНОАГЕНТ» ТУРАЛЫ ЗАҢ ҚАБЫЛДАНУЫ ТИІС!



АҚШ-ТА «ШЕТЕЛДІК АГЕНТТЕРДІ ТІРКЕУ
ТУРАЛЫ» ЗАҢ 1938 ЖЫЛЫ ҚАБЫЛДАНҒАН.
ОЛ ӨЗГЕ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ МҮДДЕСІ ҮШІН
ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН
РЕТТЕП, ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТЕТІГІНІҢ АШЫҚ
БОЛУЫН, ЖАРИЯЛАНЫМДЫ ТАҢБАЛАУҒА
ЖӘНЕ ЫҚПАЛ ЕТУШІ АГЕНТТЕР ТУРАЛЫ
ДЕРЕКТЕРДІ ЖАРИЯЛАУҒА МІНДЕТТЕЙДІ.

Ирина СМЕРНОВА елімізде
осындай заң қабылдау
қажет дейді:

«Біздің ортақ
мақсатымыз –
егемендігімізді нығайту.
Бөгде құндылықтарды
толеранттылық, ал үгіт-
насихатты – тәуелсіз журналистика
деуге жол беруге болмайды».



▼ BRENT \$76,19

▼ USD 508 T

▼ EUR 526 T

▼ RUB 5.37 T

«ОСЫндай жеңісті сәттер барша халқымыздың, әсіресе, өскелең ұрпақтың рухын көтереді. Ел қорғанымықты болса, қазақстанның еңсесі әрдайым биік болмақ».



жанқиярлықпен шайқасқан, тылда еңбек еткен барша қазақстандықтарға көрсетілген құрмет. Батырларымыздың теңдессіз ерлігін ұрпақ жадында сақтау – парызымыз. Бүгінде сіздер жауынгер халықтың ұрпағы ретінде Отан алдындағы қасиетті парызды терең түсініп, адал қызмет етіп жүрсіздер. Бәріңіз де еліміздегі бейбіт өмірді сақтау үшін табанды еңбек етіп келесіздер. Сіздерді заң мен тәртіп сақшысы деуге толық негіз бар. Заң мен тәртіп – әділетті әрі қауіпсіз мемлекеттің өзегі», – деді Президент.

Президент қазір кейбір мемлекеттер, тіпті алпауыт елдер сыртқы және ішкі саясатындағы

«ЕШКІМГЕ ЖАЛТАҚТАМАЙ, ӨЗ САЯСАТЫМЫЗДЫ ЖҮРГІЗЕМІЗ»

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев UAE SWAT Challenge сайысында топ жарған күштік құрылымдардың бір топ офицерін марапаттау рәсімінде осылай деді.

Биыл Дубайда өткен дүбірлі додаға Қазақстан атынан 12 команда қатысқан. Ішкі



ұстанымдарын қайта қарап жатқанын мысалға алып, Қазақстан дәстүрлі әрі заманауи құндылықтарды тең ұстайтын прагматизмге әлдеқашан бет бұрғанын жеткізді.

«Заң мен тәртіп үстемдігін орнату маңызды екенін әрдайым айтып жүрміз. Уақыт біздің ұстанымдарымыз бен стратегиялық бағдарымыздың дұрыс екенін көрсетті. Сондықтан біз алдағы уақытта да ұлттық мүддемізді қорғап, елімізге лайықты бірегей жолмен жүреміз. Жалпыұлттық құндылықтарымызды дәріптейміз. Ешкімге жалтақтамай, өз



істер министрлігінің «Сұңқар» және «Томирис» командалары халықаралық жарыстың күміс жүлдегері атанды. Ал Ұлттық қауіпсіздік комитетінің «Арыстан» командасы төртінші орынға ие болды. Мемлекеттік күзет қызметі мен Қорғаныс министрлігінің командалары да шеберліктің үздік үлгісін көрсетті.

Мемлекет басшысы жеңімпаздарды құттықтап, бұл табыс тиянақты дайындық пен

қажырлы еңбектің нәтижесі екенін атап өтті: «Елдің атын ер шығарар» деген. Сайыпқыран сарбаздарымыз көк туымызды асқақ желбіретті. Төрткүл дүние жауынгерлеріміздің мықтылығына куә болды. Біз сіздерді мақтан тұтамыз».

Мемлекет басшысы халқымыздың ерлік дәстүрі тереңде жатқанына назар аударды.

«Биыл Ұлы Жеңістің 80 жылдығын атап өтеміз. Бұл – бостандық пен әділдік ұғымдарын ту етіп, майданда

саясатымызды жүргіземіз. Өйткені біздің мақсатымыз – айқын. Бұл – қуатты және өркендеген Қазақстанды құру», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы офицерлердің қызметіне сәттілік тілеп, оларды мемлекеттік наградалармен марапаттады.

АҚПАН АЙЫНЫҢ СОҢЫНДА ӨТКЕН ҮКІМЕТТІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫНДА ҚОСЫМША ҚҰН САЛЫҒЫН 20 ПАЙЫЗҒА КӨТЕРУ ҰСЫНЫЛДЫ. ҚҚС ЕСЕБІНЕ АЛУ ШЕГІН 15 МЛН ТЕҢГЕГЕ ДЕЙІН ТӨМЕНДЕТУ КЕРЕКТІГІ ҚОСА АЙТЫЛДЫ. БҰЛ ӨНДІРУШІЛЕРДЕН БАСТАП, ҰСАҚ КӘСІППЕН АЙНАЛЫСЫП ЖҮРГЕНДЕРДІҢ МАЗАСЫН ҚАШЫРҒАНЫ АНЫҚ. БІР АПТАДАН КЕЙІН ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ОТАНДЫҚ БИЗНЕС ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСУДЕ ОСЫ МӘСЕЛЕГЕ ҚАТЫСТЫ ОЙЫН АЙТТЫ. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚОСЫМША ҚҰН САЛЫҒЫНЫҢ МӨЛШЕРЛЕМЕСІ САРАЛАНЫП БЕЛГІЛЕНУІ ТИІС ЕКЕНІН ЕСКЕРТТІ.

Президент: «Үкіметтің қазіргі ұсынып отырған мөлшерлемесі тым жоғары. Сіздер нақты цифрды айттыңыздар. Оны қоғам қызу талқылады. Тіпті кей жағдайда артық сөздер де айтылды. Дегенмен бұл қоғам талқысына алдын ала салынған ұсыныс болатын. Үкіметтің бұл бағыттағы жұмысы бизнес, қоғам, кәсіпкерлер, сарапшылардың, яғни барлық тараптың пікірі ескеріліп жалғасуы керек», – деді.

Осы аптада ҚҚС төңірегіндегі талқылау әрмен қарай жалғасты.

Қаржы министрі Мәди Такиев пен ұлттық экономика вице-министрі Азамат Әмрин бизнес өкілдерімен бірлесіп, ҚҚС бойынша Үкімет ұсынысын талқылады. Басқосуға бизнес, қауымдастықтар, қоғамдық және салалық бірлестіктердің 150-ден астам өкілі қатысты.

Ұлттық экономика вице-министрі Азамат Әмрин салық реформасы шеңберінде ҚҚС сараланған мөлшерлемелерін белгілеу жөніндегі Үкіметтің ұсынысын ортаға салды: «Жалпы белгіленген ҚҚС мөлшерлемесі – 16%, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді ҚҚС-тан толық босату, ал бірқатар салалар үшін – 10% мөлшеріндегі аралық мөлшерleme. Осылайша Үкімет ұсынып отырған мөлшерлемелерді саралау: 16%, 10%, 0% және босату».

Қазіргі уақытта аграрлық секторда шаруа қожалықтары ҚҚС төлемейтіні, ал заңды тұлғалар қолда бар жеңілдіктерге байланысты бюджетке төлеуге тиісті салықтардың тек 30%-ын төлейтіні атап өтілді. Жаңа тетіктер бойынша олардың ешқайсысы ҚҚС төлемейді. Бұл отандық ауыл шаруашылығы

ҚҚС: «АРБАНЫ ДА СЫНДЫРМАЙ, ӨГІЗДІ ДЕ ӨЛТІРМЕУДІҢ» ЖОЛЫ БАР МА?



өнімдерін (картоп, қызанақ, пияз және басқалары) бәсекеге қабілетті етуге мүмкіндік береді. 10% мөлшерleme қолданылатын салалардың түрлері бизнеспен әлі де талқыланды.

Сондай-ақ кездесуде жеңілдетілген декларация мен бөлшек салық режимін, оның мәні – кіріс шегін жылына 600 мың АЕК (2 млрд 359 млн теңге) мөлшерінде сақтай отырып, қайта қарау бойынша ұсыныстар айтылды. Негізгі өзгеріс – бұл режимді тек B2C сегментінде (бөлшек саудада) жүзеге асыру. Жұмысшылар саны бойынша шектеуді алып тастау ұсынылды. Салық реформасын іске асыру

кезінде ел бюджетіне түсетін салық түсімдері жыл сайын 4-5 трлн теңгеге артады деп күтіледі.

Сейсенбі күні өткен Үкіметтің отырысында Премьер-министр Олжас Бектенов салық реформасын өңірлерде егжей-тегжейлі талқылау керегін атап өтті. Осы жұмыстың нәтижесі бойынша Салық кодексінің жобасы мен ілеспе заң жобасына түзетулер 20 ақпанға дейін

Мәжіліске жөнелтіледі. Талқылау Мәжілісте жалғасады.

Премьер-министрдің орынбасары-ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин ҚҚС есебіне алудың ең төменгі шегін 80 млн теңгеден 15 млн теңгеге дейін төмендету туралы ұсынысты тағы қайталады. Елдегі шағын бизнеске оңай тимейтін бұл ұсыныс әлі де жан-жақты қарастыруды талап ететіні сөзсіз.

Әлбетте, мұның барлығы бюджет бүйірін толтыру үшін жасалып жатқаны түсінікті. Дегенмен «арбаны сындырмай, өгізді де өлтірмейтіндей» тиімді шешім қабылдаған дұрыс.



АМЕРИКА СЫРТТА ОҢДЫ-СОЛДЫ, ОРЫНСЫЗ ШАШЫЛҒАН АҚШАНЫҢ ЕСЕБІН ШЫҒАРА АЛМАЙ ЖАТЫР. КӨПТІГІ СОНША, «ІЗГІ НИЕТПЕН» ЖҰМСАЛҒАН ЖАСЫЛ ҚАҒАЗДЫҢ БІР БӨЛІГІ БІЗДІҢ ЕЛГЕ ДЕ БҰЙЫРЫПТЫ.

ӨТКЕНДЕ АҚ ҮЙДІҢ ЖАҢА БАСПАСӨЗ ХАТШЫСЫ КЕРОЛАЙН ЛЕВИТТ (KAROLINE LEAVITT) «ЖАЛҒАН АҚПАРАТПЕН КҮРЕСТІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУҒА» ДЕП ҚАЗАҚСТАНҒА 4,5 МЛН ДОЛЛАР ЖІБЕРІЛГЕНІН ХАБАРЛАДЫ. АҚШ-ТЫҢ БҰРЫНҒЫ ӘКІМШІЛІГІНІҢ ГВАТЕМАЛАДА ЖЫНЫС АУЫСТЫРУ ҮШІН 2 МЛН ДОЛЛАР БӨЛГЕНІН ДЕ АТАП ӨТТІ. БҰҒАН ДЕЙІН БҰРЫНҒЫ ПРЕЗИДЕНТ БАЙДЕН БАСҚАРҒАН БИЛІКТІҢ ЛГБТ ҰЙЫМДАРЫН ЕРЕКШЕ ЖАРЫЛҚАП, ТІПТІ ТРАНСГЕНДЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ОПЕРАЦИЯНЫ ДА ҚАРЖЫЛАНДЫРҒАНЫ МӘЛІМ БОЛҒАН ЕДІ.



USAID
FROM THE AMERICAN PEOPLE

2001-2024 жылдар аралығында Қазақстанға берілген қаржыландырудың жалпы көлемі шамамен 2,07 млрд долларды құрады. 2024 жылдың соңында USAID елімізде 27 жобаны іске асырды. Оның ішінде 15-і – өңірлік, 12-сі – мемлекеттік жоба. Көп жағдайда USAID әртүрлі халықаралық ҰЕҰ (үкіметтік емес ұйым) қатарынан делдалдардың кең желісін пайдаланғаны айтылады.

«ЖҰМСАҚ КҮШКЕ» – ТЕГЕУРІНДІ ТОЙТАРЫС

Ал біздегі әлеуметтік желі мен кейбір сайттарда ақты қара, өтірікті шын деп көрсететін дүние өріп жүр. Құзырлы орындар болмаса, білек сыбанып, бұрысты терістеп жүргендерді көрмедік. Керісінше, өтірікті өрге сүйрейтіндер де солар – шеттен жем жейтіндер емес пе?..

«Жалған ақпаратпен «жан аямай соғыстық» деп Американың жомарт қолынан грант алғандар кімдер? Жұрттың көкейіндегі сұрақ осы.

USAID жабылады деген ақпарат шыққанда әлеуметтік желіде осы ұйымнан кімнің қанша ақша алғанын әшкерелейтін ролик

тарады. Ондағы мәліметтің рас-өтірігіне көзіміз жетпейді. Дегенмен дәл сондай миллиондаған доллар алмаса да, пәлен жылдан бері «халқым» дейтін белсенділердің не үшін «зар еңірегені» жалпақ жұртқа белгілі болды.

Біздің елімізде USAID заңның үстемдігін нығайтуға, инвестициялық ахуалды жақсартуға және азаматтық қоғамды дамытуға бағытталған жобаларды белсенді қолдады. Бенефициарлар арасында БАҚ, үкіметтік емес ұйымдар, соның ішінде ЛГБТ құқықтары мен гендерлік теңдікке қатысты ұйымдар болды.

Тек қазақстандық 2 ҰЕҰ – «Қадыр-қасиет» ҚБ және «Десента» ҚБ тікелей қаржыландырылады. Мәселен, өткен жылы бюджеті 750 мың долларды құрайтын «Қадыр-қасиет» ҚБ жобасын қаржыландыру А.Ибраева (ҚБ басшысы) тарапынан USAID камералдық тексеру барысында қаржылық менеджмент саясаты бөлігінде заң бұзушылықтар анықталуына және негізгі нәтижелерге қол жеткізілмеуіне байланысты тоқтатылған.

USAID қазақ қоғамында ЛГБТ қозғалысын қолдау жөніндегі жобаларды қаржыландырып келді. Мәселен, былтыр ЛГБТ-ны ашық

насихаттайтын жасөспірімдерге арналған USAID веб-сайты іске қосылғанын жазғанбыз. Ата-аналар нарызылық білдіріп, сайттың жабылуын талап еткеннен кейін бұғатталды.

Сондай-ақ «Feminita» қозғалысының көшбасшылары Ж.Секербаева мен Г.Сержан осы ұйымнан 160 млн теңгеден астам қаражат алған. Олар USAID-тің сенімді өкілдерінен – «Норвегиялық Хельсинки комитеті», «ILGA-Europe», «Еуразия Орталық Азия қоры», «COC Nederland», «NED» және «NDI» қаржы алып отырған. Желіде «Ilga-Europe» ҰҰП-ның Орталық Азия елдерінің ЛГБТ қауымдастықтарының құқықтарын қорғау мүмкіндіктерін кеңейту жөніндегі «жабық» стратегиялық жобаны іске қосу жөніндегі жоспарлары туралы әңгіме көптен бері айтылып жүр.

Кейбір дереккөздерден алынған ақпарат бойынша, «Feminita» өкілдерінің шоттарына қаражаттың бір бөлігі «Oyan, Qazaqstan» қозғалысының белсенділері – «фискалдық демеушілер» деп аталатындар арқылы түседі.

Айтпақшы, USAID-тің жабылатыны туралы әңгіме шыққанда Мәжіліс депутаты Магеррам Магеррамов шетелдік демеушілер бөлетін қаржы қаражатына аудит жүргізуді ұсынды. Ұлттық экономика және Әділет министрліктеріне жолдаған сауалында ол: «Ақ үйдің ресми мәлімдемесінде USAID-тің ондаған жылдар бойы «зиянды жобаларды» қаржыландырумен айналысқаны нақтыланған. Ресми тұлғалар – Илон Маск, тіпті президенті Дональд Трамп USAID-ті «құныққан радикалдар басқаратын қылмыстық ұйым» деп атады. Ақ үйдің ресми мәлімдемесінде USAID агенттігінің салық төлеушілерге ешқашан есеп бермегені және қомақты қаржыны миға қонбайтын және кесірлі жобаларға бағыттағаны анықталған», – деді.

Магеррамов USAID Колумбияда «трансгендерлік операға» 47 мың доллар, Перуде

«трансгендерлік комикске» 32 мың доллар, Мысырда туризмді қаржыландыруға 6 млн доллар, Гватемалада «жыныс ауыстыруға» және «ЛГБТ– активизмге» 2 млн доллар, Сербияда еңбек ұжымдары мен іскерлік қоғамдастықтарға теңдік пен инклюзивтілікті ілгерілетуге 1,5 млн доллар, Ауғанстанда «суару арналарын, ауыл шаруашылығы жабдықтарын» қаржыландыруға, көкнәр өсіру мен героин өндірісін қолдауға жүздеген миллион доллар бөлгенін мысалға келтірді.

Оның дерегінше, бұл ұйым 2022-2025 жылдары Орталық Азияда адам құқығы мен теңдікті нығайтуға 2 млн доллар бөлген. Ол бағдарламаны орындаушы – Еуропалық халықаралық лесбияндар, гейлер, бисексуалдар, трансгендерлер және интерсексуалдар қауымдастығы.

Магеррам Магеррамов: «Кімге қанша және қандай мақсатқа бөлінеді, елімізде қандай



жобаларды жүзеге асыратындығын анықтау қажет деп санаймыз. Өйткені «сексуалды азшылық құқығын» қорғайтын топтардың белсенділігі оқта-текте байқалады. Бұл сырттан әсер етуден, сырттан келетін қаржылық қолдаудан туындап отыр. Алматының қақ ортасында өткен «әйелдер маршы», «лесбиян шеруі» деп аталатын шерулер және оларды өткізуге үздіксіз ұмтылыс осындай ұйымдар қызметінің нәтижесі», – деп ашық айтты.

Депутат мұндай зиянды жобалардан балаларды қорғайтын арнаулы заң жобасын әзірлеуді ұсынды.

Ал осы аптадағы Мәжіліс отырысында депутат Ирина Смирнова шетелдің үкіметтік



емес ұйымдарының қызметіне қатысты алаңдаушылық білдіріп, шетелдік агент (иноагент) туралы заң қабылдауды ұсынды. Премьер-Министрге жолдаған сауалында мынадай мәліметтер келтірді: қазіргі уақытта Қазақстанда 200 шетелдік үкіметтік емес ұйым жұмыс істейді. Олардың 70 пайызы АҚШ-тан қаржы алады. Сондай-ақ елімізде 165 донор грант береді. Оның ішінде: халықаралық ұйымдар – 53, шетелдегі мемлекеттік ұйымдар – 31, шетелдік және қазақстандық ҰЕҰ – 81.

И.Смирнова 1938 жылы АҚШ-та қабылданған «Шетелдік агенттерді тіркеу туралы» заңды үлгі ретіне қарастыруды ұсынды. Аталмыш заң шетелдегі мемлекеттер мүддесіне жұмыс істейтін ұйымдардың қызметін реттеп, қаржыландыру көздерінің ашықтығын қамтамасыз етеді.

Тәжірибелі депутат біздің елімізге де осындай заң қажет деп санайды.

Ирина Смирнова: «Біздің ортақ мақсатымыз – егемендігімізді нығайту. Бөгде құндылықтарды толеранттылық деуге, ал үгіт-насихатты – тәуелсіз журналистика деуге жол беруге болмайды», – деді.

Шетелден қаржы алып келген белсенділер қазір демін ішіне тартып отыр. Кейбіреулері «USAID-ке күніміз қарап қалған жоқ, басқа да қаржы көздері бар» деп өздерін жұбатады. Ал сарапшылар мұның бәрі уақытша құбылыс екенін, ертеңгі күні Трамп билігі өз саясатын жүргізетін «жұмсақ күшке» қайта жүгінуі мүмкін екенін ескертеді.

СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ СӨЗДІ
ОРНЫМЕН ҚОЛДАНУҒА МӘН
БЕРМЕЙТІНДЕР КӨБЕЙДІ.
ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІ БЫЛАЙ
ҚОЙҒАНДА, КЕЙБІР АҚПАРАТ
ҚҰРАЛДАРЫНДА БҰРМАЛАУ,
ҚАТЕ ЖАЗУ БЕЛЕҢ АЛДЫ.
ОҚЫСТА ҚАЗА ТАПҚАН
АДАМ ТУРАЛЫ «ҚАЙТЫС
БОЛДЫ», БАЛА ТУҒАН
ӘЙЕЛДІ «БОЙЖЕТКЕН», 10
ЖАСТАН АСҚАН БАЛАНЫ
«БҮЛДІРШІН» ДЕУ ҮЙРЕНШІКТІ
ЖӘЙТКЕ АЙНАЛДЫ. ЖУЫРДА
ЖУРНАЛИСТ ЖАРАС
КЕМЕЛЖАН ЖЫЛҚЫҒА
ҚАТЫСТЫ СӨЗ ҚОЛДАНУДЫ
СЫНҒА АЛДЫ.

Қазақ халқы жылқы түлігін
ерекше қадірлейді. Десе де,
соңғы жылдары жылқы туралы
қате атаулар жиі қолданылып
жүр. Әсіресе, бұл блогерлер мен
атбегілердің жазбаларында жиі
кездеседі. Осы мәселеге қатысты
журналист Жарас Кемелжан
әлеуметтік желідегі парақшасында
өз пікірін білдірді.

«Соңғы кездері блогерлер мен
атбегілер: «Пәлен айғырдың бел
баласы», «Түген айғырдың қызы»
деп сөйлейтін болыпты. О заманда бұ заман қазақ
жылқының құлынын «бала, ұл, қыз» демеген.
Мен де ауылдың баласымын, қорамыздан жылқы,
босағамыздан жүйрік үзілмеген жылқышының ұлымын.
Жылқы төлін «бел баласы» дегенді естісем, керең
болайын. Айналайындар, жылқыға «бел бала» жасап
беріп жүргендер, ойланыңыздар. Сендердің кеміс
тілдеріңнің кесірінен мыңдаған қазақ баласының
тілі бұзылып, «айғырдың қызы, ұлы, бел баласы» деп
атайтын болды.

Ұялсаңдаршы. Білмесеңдер, сұраңдар, оқыңдар.
Қазаққа пайдаларың тимесе, зияндарың тимесінші!» –
деп жазды ол.

Жылқының жасына қарай атаулары бар. Қазақ
мұны әбден жүйелеп қойған. Бірақ қазір қалада өскен,
жылқы шаруашылығынан бейхабар жастар қате
қолданып жүр дейді Жарас Кемелжан. Сол қателіктің
орнын толтыру үшін Jas Qazaq тілшісіне жылқының
дұрыс атауын түсіндіріп берді.

ЖАРАС КЕМЕЛЖАН:

«АЙҒЫРДЫҢ БАЛАСЫ» ДЕГЕНДІ ЕСТІСЕМ, КЕРЕҢ БОЛАЙЫН»



ЖЫЛҚЫ ЖАСЫНА ҚАРАЙ ҚАЛАЙ АТАЛАДЫ?

«Қай қазақ, адам атауын малға апарып таңып еді?
Бұл – өрескел қателік. Бұл – мал шаруашылығымен
айналыспаған адамның қателігі», – деп бастады
әңгімесін Жарас Кемелжан.

Жылқының төлін «құлын» деп атайды. Бұл атау
көктемде туған құлынға күзге дейін қолданылады. Ал
күзден кейін оның атауы өзгереді.

1. Күзден кейін:

– «Жабағы» – себебі жүні жабағы болып өзгереді. Бұл
кезде енесінен бөлініп, жеке баптала бастайды.

2. Келесі көктемнен бастап:

Еркек құлын:

– «Тай» – көктемде жабағы жүні түседі, сол кезде
осылай аталады.



Фото: dalanews.kz

– «Құнаншығар» – сол жылдың күзінде
 – «Құнан» – екі жасқа толғанда
 – «Дөненшығар» – келесі жылдың күзінде
 – «Дөнен» – үш жасқа толғанда
 – «Бесті» – төрт жасқа толғанда (бұл – «ат» деген сөзбен тең мағынада)

Ұрғашы құлын:

– «Байтал» – жабағыдан кейінгі жылы
 – «Құнажын байтал» – екі жасқа толғанда
 – «Дөнежін байтал» немесе «дөнежін бие» – үш жасқа толғанда
 – «Бие» – төрт жасқа келгенде

Жарас Кемелжанның айтуынша, «бие», «айғыр», «құлын» деген атаулар ғасырлар бойы қалыптасқан. Сондықтан «айғырдың баласы», «биенің қызы» деген сөздерді қолдану мүлде дұрыс емес.

ЖЫЛҚЫНЫҢ ТҮСТЕРІ ДЕ МАҢЫЗДЫ

Қазақ жылқының түр-түсін де жіктеп атаған. Зерттеуші Жағда Бабалықтың дерегіне сүйенсек, жылқының 1300-ге жуық түр-түсі бар. Бірақ қазіргі кезде тек «торы», «қара», «жирен», «құла», «қарагер», «құлакөк», «қаракөк» деген бірнеше атауы ғана қолданылады.

Мысалы:

- * «Қара торы» – қарасы басым торы жылқы
- * «Құлагер» – ақшыл көк түсті жылқы
- * «Жирен» – қызғылт сары түсті жылқы

Бұл атаулар қазақ жылқы шаруашылығымен тікелей байланысты. Сондықтан ежелден келе жатқан дәстүрлі атауларды сақтау маңызды.

«ӘКЕСІ» ЕМЕС – АЙҒЫРЫ, «ШЕШЕСІ» ЕМЕС – ЕНЕСІ!

Жарас Кемелжан: «Одан бөлек, жылқының «әкесі, шешесі» деп жүргендерге айтарым: «әкесі емес – айғыры, «шешесі емес – енесі!

Әдебиеттегі мысалды келтірейін, «Ақан серінің Құлагерінің айғыры» дейді. Ал әкесі дегенді қайдан көрдіңіз? Бұл қазақ сөзіне деген үлкен қиянат. Ат мініп жүрген ауыл балаларының өзі жылқы атауларын қате қолданады.

Неге? Себебі телеарналар мен блогтардағы қате атау қолданыылады. Бұл – қазақ сөзінің бұрмалануы!».

Қазақтың жылқыға қатысты атаулары терең мағынаға ие. Әрбір сөзі жылқының жасына, түсіне, ерекшелігіне байланысты дәл айтылған. Қате қолданылған сөздерді тарату – қазақ тілінің шұбарлануына әкеледі. Ұлттық мұрамызды сақтау – барлығымыздың міндетіміз!

Олжас ӘБДІХАЛЫҚ



«ТАСҚА ЖАЗЫЛҒАН ТАРИХ»

*Дархан Қыдырәлінің
бірнеше кітабының
тұсаукесері өтті*

**АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛДЫҢ 6 АҚПАНЫ
КҮНІ ТҮРКІ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ МҰРАСЫ
ҚОРЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ЖӘНЕ ТҮРКІ
АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ҚОЛДАУЫМЕН АКАДЕМИК
ДАРХАН ҚЫДЫРӘЛІНІҢ «ТАСҚА ЖАЗЫЛҒАН
ТАРИХ» АТТЫ КІТАБЫНЫҢ ӘЗЕРБАЙЖАН, ТҮРІК
ЖӘНЕ ҚЫРҒЫЗ ТІЛДЕРІНДЕГІ БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ,
СОНЫМЕН ҚАТАР ОРЫС ТІЛІНДЕ ЖАРЫҚ КӨРГЕН
«ТЮРКСКИЙ МИР: ЧЕРЕЗ ПРИЗМУ ИСТОРИИ»,
ТҮРІК ТІЛІНДЕ ШЫҚҚАН «KOD ADI TÜRKİSTAN:
MUSTAFA ÇOKAY» ДЕРЕКТІ-ҒҰМЫРНАМАЛЫҚ
КІТАПТАРЫНЫҢ ТҰСАУКЕСЕР РӘСІМІ ӨТТІ.**



Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасында өткен алқалы жиынға Түркі мәдениеті және мұрасы қорының президенті Ақтоты Райымқұлова, Әзербайжан Республикасының мәдениет министрі Адил Каримли, Қырғыз Республикасы Президентінің кеңесшісі Аслан Койчиев, Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Бауыржан Омаров, Азия кеңесінің бас хатшысы Қайрат Сарыбай, Қырғызстан, Мажарстан, Түркия, Түрікменстан, Өзбекстан Республикаларының Төтенше және өкілетті елшілері, ҚР Президенті Әкімшілігінің, сыртқы істер министрлігінің, ғылым және жоғарғы білім министрлігінің, Мәдениет және ақпарат министрлігінің,

TURKSOY халықаралық ұйымының өкілдері, ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің бірқатар депутаттары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғалымдар мен зиялы қауым өкілдері қатысты.

Жиында кіріспе сөзімен ашқан Түркі мәдениеті және мұрасы қорының президенті Ақтоты Райымқұлова академик Дархан Қуандықұлының түркі дүниесіне ортақ бай мұраны зерттеп-зерделеу, сақтау істеріне және бауырластық байланыстарды нығайтуға қосқан зор үлесіне тоқталды.

Сонымен бірге басқосуда сөз алған мемлекет және қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбеков, Әзербайжан Республикасының мәдениет министрі Адил Каримли, Қырғыз Республикасы Президентінің кеңесшісі Аслан Койчиев, Азия

кеңесінің бас хатшысы Қайрат Сарыбай, мемлекет және қоғам қайраткері Әділ Ахметов, Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Бауыржан Омаров, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры Ерлан Сыдықов, ТҮРКСОЙ ұйымы Бас хатшысының Қазақстандағы кеңесшісі, академик Кәрімбек Құрманалиев, Назарбаев университетінің профессоры Юлай Шамилоғлу, белгілі баспагер Шыңғыс Мұқан оқырманға жол тартқан жаңа кітаптар туралы орамды ойларын ортаға салып, пайымды пікірлерімен бөлісті.

Түркі мәдениеті және мұрасы қоры жарыққа шығарған академик Д.Қыдырәлінің «Daşa yazılan tarix» (әзербайжан тілінде) кітабына автордың байырғы баһадүр

бабалар тарихының тереңінен сыр тартатын, жалпы түркологиядағы алуан тақырыпты арқау еткен ғылыми және ғылыми-танымдық мақалалары топтастырылған.

Осы кітаптың қырғыз тіліндегі басылымы саналатын «Ташка жазылған тарих» кітабы да түбір бір түркі жұртының тарихын қазіргі заман тұрғысынан зерделеп, тұғырлы тұлғаларымызды жан-жақты тани түсуге жол ашатын, ғылыми жаңалығы мол еңбек. Айта кету керек, бұл басылым Қырғыз

Республикасы Президенті жанындағы Тарих ғылымын дамыту комиссиясының шешімімен басылып шыққан алғашқы кітап.

Сонымен қатар, еңбектің Түркі Академиясы және ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының



қолдауымен «Büyük Bozkır: Taşlara Yazılan Tarih» деген атпен жарық көрген түрік тіліндегі нұсқасы да киелі Ергенеқон, Өтүкен жерлерінен тамыр тартатын ашина дәуірінен бастап, Алтын Орда заманына дейінгі ортақ тарихымызды қамтыған бай мазмұнымен ерекшеленеді.

Бұған қоса, оқырман

назарына «Мазмұндама» баспасы шығарып ұсынып отырған «Тюркский мир: через призму истории» атты кітабы орыс тілді оқырманға түркі тарихы мен тұлғалары туралы таным-түсініктерін айқындай түсуіне мүмкіндік беретінімен маңызды.

Академик Д.Қыдырәлінің аталған жиында таныстырылған «Kod adı Türkistan: Mustafa Çokay» атты деректі ғұмырбаяндық кітабы бұған дейін де бірнеше тілде жарық көріп, оқырман тарапынан өз бағасын алған туынды. Бұл жолы түрік оқырмандардың сұранысымен Анкарадағы «Bengü» баспасынан қайта басылып шығып отыр.



ЖУЫРДА ЖУРНАЛИСТ-ПУБЛИЦИСТ, ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІНІҢ БАҚ САЛАСЫНДАҒЫ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТЫ ТӨЛЕН ТІЛЕУБАЙДЫҢ «ТҮЛКІЛІТАУДЫҢ АСПАНЫ» АТТЫ ЖАҢА КІТАБЫНЫҢ ТАНЫСТЫРЫЛЫМЫ ӨТТІ. БЫЛТЫР ЖЕЛТОҚСАН АЙЫНДА ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ «TENGRİ LTD» БАСПАСЫНАН 1000 ДАНАМЕН БАСЫЛЫП ШЫҚҚАН ҚАЛАМҒЕРДІҢ БҰЛ АЛҒАШҚЫ ӘДЕБИ-КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫНА «ТҮЛКІЛІТАУДЫҢ АСПАНЫ» АТТЫ ПОВЕСІ ЖӘНЕ ӘҢГІМЕЛЕРІ КІРГЕН.

«ТҮЛКІЛІТАУДЫҢ АСПАНЫ».

ТӨЛЕН ТІЛЕУБАЙДЫҢ ЖАҢА КІТАБЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Бұған дейін журналистика саласында еңбек етіп, бірнеше кітап шығарған Төлен Зәрубайұлы «Түлкілітаудың аспаны» атты кітабымен енді көркем шығарманың да аламанына ат қосып отыр. Оның бұл шығармасына ауыл баласының арман-тілегі, мақсат-мұраты, адамның бойындағы адалдық, адамгершілік, мейірім сияқты ізгі қасиеттер арқау болған. Басты кейіпкер – Әмірдің балалық шағын суреттеу арқылы автор ауыл адамдарының мінез-құлқын,

қорықшы Ерлан Нұрғалиевтің браконьерлермен арпалысы, өшпес ерлігі негіз етіп алынған. «Ақ көгершін», «Гүлсараның махаббаты» әңгімелерінде махаббатқа адалдық, адам жанының құпиясы, албырт шақтағы адамның бойында кездесетін қателіктер сөз болады.

Бұл Төлен Тілеубайдың прозадағы алғашқы еңбегі болса да оны оқырмандар жылы қабылдады. Өткенде ғана кітап авторын қабылдаған Қазақстан

Республикасы Президентінің кеңесшісі – Президенттің Баспасөз хатшысы Берік Уәли: «Төкеңнің прозадағы тырнақалды туындысына көз жүгіртіп, ақпараттық алаңда қамшы

салдырмайтын журналистің жаңа қырын байқадым», - деп өзінің бағасын беріп, әлеуметтік желі арқылы кітаптан алған әсерімен бөліскен болатын.

Енді, міне, көпшілік алдына өз шығармасын таныстырған жазушыға оқырмандары да түрлі сұрақтар қойып, іштей өздерін мазалап жүрген ойларына, сұрақтарына автордың өз аузынан жауап алу

мүмкіндігіне ие болып отыр. Оқырмандар Төлен Тілеубайға журналистика мен әдеби шығарманың айырмашылығы туралы көбірек сұрақтар қойды. «Жалпы жазушылар мен журналистердің ортақ ерекшелігі – олар қоғамдық мәселелерді жазуда үлкен тәжірибеге ие, былайша айтқанда, журналистика мен проза шығармашылық тұрғыда бірін-бірі толықтырып отырады. Сондықтан журналистиканы



нашар, жазушылықты мықты деп бағалау өте қиын. Әрине журналистика нақтылықты қажет етсе, көркем шығарма адамның ішкі жан дүниесіне үңілуді, тереңірек зерттеуді қажет етеді. Алайда екеуінің де бір ортақ ұқсастығы – жазу. Ал қалай жазу керектігін автордың өзінің білім деңгейі мен сана-сезімі, ішкі түйсігі, қарым-қабілеті анықтайды», – деп жауап берді Төлен Тілеубай.

Кездесуде аудармашы, зейнеткер Рымбала Смайылова, Астана қаласындағы Шәкәрім атындағы №56 мектеп-лицей директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Назгүл Бикетова, Астана қаласы Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Гүлбадан Сақтапқызы, қоғам қайраткері, ұстаз Оспан Сүлейменов және басқалар «Түлкілітаудың аспаны» кітабы туралы жылы лебіздерін білдіріп, авторға сәттілік тіледі.

Шапағат ӘБДІР,
Астана



болмыс-бітімін бүкпесіз беруге ұмтылады. Повесте автор адам баласы мен табиғаттың үндестігі, бірінсіз бірінің күні жоқтығын астарлап жеткізеді. Сондай-ақ, ол өз әңгімелерінде Отанды сүю, табиғатты қорғау, махаббатқа адалдық тақырыптарын көркем тілмен кестелейді. «Ақбөкен жылаған түн» деректі-көркем әңгімесіне қазақтың қаһарман ұлы,

**БИЫЛҒЫ ЖЫЛ ТМД ЕЛДЕРІНДЕ
«ЖЕҢІСТІҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫ ЖӘНЕ НАЦИЗМГЕ
ҚАРСЫ КҮРЕСТЕГІ БІРЛІК ЖЫЛЫ» ДЕП
ЖАРИЯЛАНДЫ.**

**АЛДА КЕЛЕ ЖАТҚАН ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІ
БІЗДІҢ ЕЛІМІЗДЕ ДЕ КЕҢ КӨЛЕМДЕ АТАП
ӨТІЛЕТІНІ АЯН.**

**JAS QAZAQ ӘСКЕРИ БОРЫШЫН ӨТЕП
ЖҮРГЕН САРБАЗДЫҢ ШЫН ЖҮРЕКТЕН
ШЫҚҚАН ӨЛЕҢІН ЖАРИЯЛАУДЫ ЖӨН
КӨРДІ.**



Фото: ашық дереккөз

ҚУАНЫҢДАР, ҚАЗАҚ ЕЛІ, ЕРЛЕРМЕН!

Жеңіс келді батырлардың артынан,
Қан майданда төгілген көп қанынан.
Қуаныңдар, қазақ елі, ерлермен,
Рейхстагқа ту тіге алған Рақымжандай батырмен!
Майдандарда ерлік еткен ерлердің,
Мәңгі өмірін ел аузына салды да.
Тартысыпты талайлардың тағдыры,
Қиналса да ішіндегі жан нұры.
Ұрпақ үшін жан қиярдай болған соң,
Майдандарда көзге түскен таң нұры.
Өтті, кетті өмірінің жартысы
Майдандарда қалып кеткен хақысы
Өкпесі жоқ өміріне өлген сон,
Қайтып келмес батырлықтын хақысы.
Ризамын, шын ризамын бұл жеңіске
Бас иемін батырлардың рухына.

Қан майданда, отан үшін алыстың,
Оқ тисе де намыс бермей жарыстың.
Елің үшін отқа түсіп майданда,
Ұрпақ үшін жерді қорғап тырыстың.
Намысының ұшын бермей жауыңа,
Осалдығын көрсетпеуге тырыстың.
Қан майданда ерік бермей жауыңа,
Қазағымның кең байтағын алыпсың.
Елім жеңді, ертеңіні ойлапты,
Бауыржандай атам бар деп тойлапты.
Елі үшін, жері үшін тайсалмай,
Қалың қолды аямастан жайратты.

Бақытжан Біржанұлы НҰРБОСЫН,
*3650 әскери бөлімі атқыштар ротасы
2 взводы 3 бөлімшесінің сарбазы
Алматы қаласы*



**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ШАҢҒЫШЫ-ЖУРНАЛИСТЕР
КЛУБЫНЫҢ (SCIJ)
70-ШІ МЕРЕЙТОЙЛЫҚ
КЕЗДЕСУІ ИТАЛИЯНЫҢ
БАРДОНЕККИЯ КЕНТІНДЕ
ӨТТІ. ТУРИН ҚАЛАСЫНА
ТАҚАУ ОРНАЛАСҚАН
ЕЛДІМЕКЕН ТАУ ШАҢҒЫСЫ
ОРТАЛЫҒЫМЕН ӘЙГІЛІ.**



ЖУРНАЛИСТЕР ШАҢҒЫ ЖОЛЫНДА



Биылғы SCIJ Meeting 30 елден 154 тілшінің басын қосты. Осы кездесу шеберінде шаңғымен таудан құлдылау (giant slalom) және жүгіруден (cross-country) бойынша жарыс өтті. Қазақстан журналистері тамаша өнер көрсетіп, 3 алтын, 1 күміс, 1 қола медаль иеленді.

SCIJ Қазақстан клубы 2012 жылы құрылды. Қазір Клуб мүшелерінің саны 45-ке жетті. Әріптестеріміз салауатты өмір салтын насихаттап қана қоймай, қысқы спорт түрлерін дамытуға да үлес қосып жүр.

Срайыл СМАЙЫЛ



Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ
Гүлнар АХМЕТОВА
Директор

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер
Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әбубәкір СМАЙЫЛОВ
Астанадағы меншікті тілші
Олжас ӘБДІХАЛЫҚ
редактор

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС
Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 114/85,
№214 кеңсе

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)